



BÜGINGI SANDA

MUGALIM BEDELI –
QOĞAM BEDELI

JAS BIOLOGTYŇ
JAŇA IDEIASY

PATRONAJDY QYZMETTIŇ
ÁMBEBAP MODELİ

«QUDAĞI KELIPTI»

2 >>

3 >>

5 >>


6 >>

PREZIDENT

Халық жазушысын қабылдады

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовті қабылдады.

Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев пен Әбдіжәміл Нұрпейісов мәдениет саласының қазіргі жағдайы жөнінде пікір алмасты, отандық әдебиетті одан әрі дамытудың перспективаларын талқылады.



TILSHI – ELDEN

АЙДАРЛЫ АУЫЛЫНДА...

«Айдарлы абыройлы ауыл. Мал мен егінді қатар өсірген ауданнан 100 шақырым қашықта жатса да тынымсыз тірлігімен талайға танымал. Шалғай ауылдың шатқайы тұрған шаруасы жоқ. Ауыз су мен жол мәселесі туралы тіпті сөз қозғамаған абзал». Осылай деп жол-жөнекей аудандағы әріптесім Ақтөре жалықпастан баяндап келген. Мақтаншы басым үнмен «біздегі ең алыс ауылдың өзі, міне, осындай, жағдайы жақсы» деген жолсерік жігіттің Айдарлы туралы айтқаны шынында да қандай?!

Ержан ҚОЖАСОВ



1930 жылдардан бастау алатын ауыл тарихы түрлі дамудың соқпағынан өткен тәрізді. 300-ден аса шаңырақ қоныстанған ауылдың негізгі тіршілігі – мал мен егін. Ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарының меншігіндегі мал басы көбейген. Олардың ішінен «Орда» шаруа қожалығында 697 бас мүйізді ірі қара малы бағылып, «Жан Арай» шаруа қожалығында 5,5 мыңға жуық құс өсірілуде.

Бау-бақшаны да мұндағы жұрт ұмытпаған. Ботабай атымен аталатын каналдың арнасы жөнделіп, аяқ суы шешілген, сөйтіп жылда егілетін егіс көлемін көбейткен. Биылғы жылы судың тапшылығына қарамастан, 75 гектар жерге егін салған ауыл тұрғындары өнімді тіпті артық алыпты. Нарық жылдарының кейбір кезеңін сабырмен өткізіп, өз тұрмысын адал еңбекпен тыянақтап алған Айдарлы ауылына да келіп жеттік.

«Әдемі-айдың» өрнектері әдемі

Қазақ қолөнерінің ғажайыптары болған кілем, алаша тоқу, ұлттық киімдер тігуді үйренгізіп келсе, Айдарлыға келіңіз. Ұмыт бола бастаған ұлттық өнерді ұлықтаушы Роза әжейдің шәкірті болып шыға келесіз. Қолөнердің қыр-сырын өз әжесі мен анасынан үйренген Роза Әлбатырованың қыздары да тігін өнерінен қашық емес.

Айдарлы ауылында әжейдің бастамасымен ашылған тігін цехы бар. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында несиеге қол жеткізген ісмер әже кәсіпкерлерді қолдаған ел азаматтарына дән риза. Енді «Әдемі-ай» атты тігін цехы елдегі жұмыссыз қыз-келіншектерді біріктіріп, кілем тоқу мен ұлттық киімдер тігуге үйретуде. Таңмен таласа тұрған келіншектер малды өріске жіберіп, үй шаруасын реттеген соң осында жиналады. Сонымен бірге мектеп оқушылары көптеп қызығушылық танытуда. Роза әжейдің бар арманы – қазақтың қолөнерін ұрпаққа ұлықтап, ықыластыларға үйрету. Аса бір мұқияттылықты қажет ететін бұл қасиетті өнер бүгінгі қазақ қыз-келіншектеріне керемет үлгі.

Қаз-үйректің табысы

Сыр өңірінде құс шаруашылығын дамытуға айрықша үлес қосып отырған бірден-бір құрылым «Жан-Арай» шаруа қожалығы. Қожалық бұдан өзге егін шаруашылығы, балық өсіру, мал азығын дайындаумен айналысады. Ауылдағы құс өсіру бағытындағы қожалықтың басшысы Мұрат Әйменовтің айтуынша, Айдарлы іргесіндегі қол жанына орналасқан құс фермасының өнімі аймаққа ғана емес, өзге де облыс орталықтарына жөнелтіледі.

3-бет

BOLJAM

ҚЫС ТА КЕЛДІ. СИНОПТИКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Синоптиктер биыл Қазақстанда қыс қатты болатынын айтып отыр. Қазірдің өзінде ызғар сезіледі. Солтүстік аймақтарда ауа температурасы әлі 20 градусқа дейін, оңтүстік өңірлерде 10 градусқа дейін төмендейтін көрінеді. Қыстың күндері жауын-шашын мөлшері әдеттегідей болмақ. Тек қаңтар айында Сібір антициклонның орнауына байланысты еліміздің көптеген өңірінде қар аз жауады.

Назерке САНИЗОВА

«Қазгидромет» РМК облыстық филиалы да алдағы маусымға қатысты болжамын жариялады. Филиал директоры Жұлдыз Қалымбетованың сөзіне қарағанда, қарашаның аяғына қарай аймақта аздап күн суытады. Кей жерлерде жауын-шашын, тұман, көктайпақ болуы мүмкін. Қаңтар, ақпан айларында қар нормадан аз жауады. Есесіне наурызда жауатын қардың айлық мөлшері қалыпты мөлшерден көп болады дейді мамандар. Желтоқсан, ақпан айларында суық антициклон мен ауа массаларының енуіне

байланысты орташа айлық температура жылдағыдан 1-2 С⁰ төмендейді.

Осы күні тәуліктік ауа температурасы толықтай минусқа өтпей, күн құбылмалы болып тұр. Синоптиктер сондықтан Сырдария өзеніндегі мұздың қатуы жөнінде айтуға әлі ерте деп есептейді.

Суық түскеннен Сырдарияның сыр беретін әдеті бар. Жылдағы ізбен жауапты құрылымдар биыл да қауіптің бетін қайтаруға сақалдай сай. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы өзен



жағалауындағы қорғаныс бөгеттерінің тұсын су басуы мүмкін 56 аймаққа бөлі. Арнайы техникасы, адам күші бар 100-ден астам мекемеге жауапкершілік жүктелді. – Су тасқынына қарсы жұмыс кезінде пайдаланылатын материалдық-техникалық қор жасақталды. Оның ішінде 139,7 тонна жанар-жағармай, 142100 қап сақтаулы тұр. 79 эвакуациялық жинақтау, 99 қабылдау пунктін қалыптастыру мақсатында «Қазвиақутқару» мекемесімен келісімшарт бойынша 2 тікұшақ әзірленді, – дейді басқарма басшысы Асылбек Шәменов.

Сонғы ақпаратқа сәйкес, «Шардара» су қоймасынан өзеннің төменгі ағысына секундына – 400, облыс аумағына 500 текше метр су түсіп жатыр. Одан бөлек, «Қызылорда» су торабынан – 405, «Әйтектен» – 380, «Қараөзектен» 20 текше метр су босатылуда. «Шардардан» келетін су мөлшерінің аз болуы себепті жаңақорғандықтар су ташылығын сезіп отыр. Ал, Қырғызстанның «Токтағұл» су қоймасы ернеуіне жетті. Онда қазір 19,3 млрд текше метр су бар. Мамандар алдағы уақытта «Токтағұлдан» төменгі ағысқа мол су жіберіліп, мәселе күрделенуі мүмкін екенін айтады.

Биыл көктемде Сырдариядағы мұз кептелісі су деңгейін күрт көтеріп, Қазалы ауданындағы бірнеше ауылдың тұрғындарын әбгерге салғаны бар. Осындай жағдай қайталанбас үшін арнайы жұмыс тобы облыс аумағындағы қорғаныс бөгеттері мен су шаруашылығы нысандарының жай-күйін зерделеп көрді. Нәтижесінде 37 нысанды қайта қалпына келтіру қажет екенін анықтады. Оның ішінде Қазалыдағы 18 учаске жөндеді. Бұл шаралардың қай-қайсысы да халықтың қауіпсіздігін сақтау мақсатында атқарылып жатқанын айтқан жөн.

«Қыстың қамын жаз ойла» дейді халық даналығы. Осы орайда облыс орталығы және аудандарда ұдайы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып келеді. Олар тұрғындар арзандатылған бағамен қажетті азықты сатып алып, қор жинақтайды. Ал төрт түлік баптаған отбасылар үшін оның ас-суын қамтамасыз ету аса маңызды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары биыл 495,1 мың бас мал қысқа түсетінін алға тартып отыр. Мал басына 700 мың тонна шөп, 7 мың тонна пішен, 9,6 мың тонна жүгері сүрлемін

дайындау жоспарланған. Тіпті сөйтісін мал азығын дайындау көрсеткіші – 104,4 сүрлем дайындау 120 процентті құрады.

– Сонымен қатар, мал азығын қамтамасыз ету мақсатында еліміздің астықты аймағы – Павлодар облысында 2475 тонна бидай кебегіне тапсырыс берілді. Бүгінгі күні келісімшарт жасалып жатыр. Күріш ақпайтын жергілікті кәсіпорындарда 221,3 мың тонна күріш кебегі өндіріліп, облыстың мал шаруашылықтарына сатыла-ды деп күтілуде. Атырау облысының жұмыс нәтижесінде биылғы мал қыстату науқаны қалыпты жағдайда өтеді деген ойдамыз, – дейді басқарманың бөлім басшысы Арыстанбек Омаров.

Күн суығаннан кейбір мәселелер күрделене түсетіні сөзсіз. Бұл ретте мұз қату, сен жүру кезінде төтеншеліктердің жұмысы қыза түседі. Бұған дейін дариядан балық аулай-мын, әлі қатып үлгермеген мұздың үстінен жүрмеген деп талай адам «тілсіз жаудың» құрығына ілінгенін ескерсек, тұрғындарға қауіпті қайдан келетінін түсіндіру шаралары тыйымқалтара емес. Азаматтар бұған бейжай қарамаса екен. «Сак жүрген сал жүреді, қамданған қапы қалмайды» деген қаперден шықпағаны абзал.

BRIFING

БАЙҚОҢЫР: Қазақстан азаматтарына медициналық көмек қолжетімді

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарованың қатысуымен өткен брифингте Байқоңыр қаласындағы Қазақстан азаматтарының медициналық көмекпен қамтылуы жөнінде баяндалды.

Айнұр БАТТАЛОВА

– 2009 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алу жағдайында ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам мен Ақай кенттері тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы» хаттамасына ратификация жасалды. Осы хаттаманың 3-бабы, 4-тармағына сәйкес, қазақстандық азаматтарға медициналық көмекті занамаға сәйкес, еліміздің медициналық ұйымдары көрсетеді. Сонымен қоса, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде федералдық медициналық ұйымдар ауруханалық (жедел, хирургиялық, балалар, жүкті әйелдер, инфекциялық аурулар, туберкулез) және жедел жәрдем түрлерін көрсетеді, – делі басқарма басшысы.

2016 жылы Байқоңыр қаласында қазақстандық медициналық ұйым – облыстық медицина орталығының филиалы ашылғаны белгілі. Бүгінгі күні мұнда тәулік бойына 60 төсек және 20 төсекке арналған күндізгі стационар жұмыс жасауда. Бұл ұйым Байқоңыр қаласына ғана емес, іргедегі Төретам, Ақай елді мекендеріне, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарының тұрғындарына қызмет көрсетеді. Ашылғалы бері мұнда 1645 науқас ауруханалық, 884 науқас күндізгі бөлімшеде ем алған.

Биылдан бастап аталған филиалда емхана ашылып, осы уақытқа дейін Ресей медициналық ұйымдарының қызметі алып жүрген 21 мыңнан астам қазақстандық азамат тіркеліп, көмек алуға. Қазіргі таңда филиалда 11 аймақ ашылып, жалпы тәжірибелік дәрігерлермен

қамтылған. Сондай-ақ, ЛОР, педиатр, терапевт, травматолог, психиатр, балалар хирургі секілді мамандармен жасакталған. Амбулаториялық-емханалық қызмет көрсетуге республикалық бюджеттен 188,9 млн теңге бөлінсе, жергілікті бюджеттен 64 млн теңге қаралып, оған қажетті құрал-жабдықтар алынған.

– Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық деңгейде тұрғындарды тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету үшін 2018-2019 жылдарға сұраныс берілді. Қазіргі таңда науқастар қажетті дәрі-дәрмекпен толығымен қамтылуда. Сұраныс жасарда ратификациядан кейін тіркелетін диспансерлік есепте тұратын науқастар да ескерілді. Сонымен бірге, ратификациядан кейін психикалық ауруы бойынша есепте тұратын қазақстандықтардың тізімі берілді. Балаалар амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекті қажет етпейді, оларға емхана деңгейінде оңалту жұмыстары жүргізіледі, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Сонымен қатар басқарма басшысы алдағы уақытта Ақай, Төретам тұрғындарына көрсетілетін мамандандырылған көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында Төретам емханасы мен Ақай ауылдық ауруханасын ОМО филиалына қосу, келер жылдан бастап хирургия, кардиореабилитация бөлімдерін ашу, филиалға КТ аппаратын сатып алу және емханадан жедел медициналық көмек бөлімін ашу жұмыстарының атқарылатынын айтып, Байқоңырдағы қазақстандықтардың медициналық көмек алуына ешқандай кедергілердің жоқтығын алға тартты.

ЕЛБАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясы тағайындалды, деп хабарлайды ҚазАқпарат Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

2018 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясын беру туралы

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес 2018 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясы беріледі.

2. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ**
Астана, Ақорда, 2018 жылғы 13 қараша № 261

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 261 өкіміне ҚОСЫМША

2018 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясы берілген адамдардың дербес құрамы

Әдебиет қайраткерлері

Исабаев Нұртас - 1954 жылы туған, ақын, «Құрмет» орденінің иегері

Нұрпейісов Әбдіжәміл - 1924 жылы туған, Қазақстанның халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Оразбаев Иранбек - 1947 жылы туған, ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері

Оспан Сейфолла - 1938 жылы туған, ақын, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері

Өнер қайраткерлері

Әмір-Темір Хусейн - 1940 жылы туған, актер, режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Дүйсекеев Кеңес - 1946 жылы туған, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері

Мәлібекұлы Жандарбек - 1942 жылы туған, сәулетші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы

(Тізім ықшамдалып алынды).

BRIFING

САЛАНЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында құқық қорғау органдарында түбегейлі өзгеріс енгізу қажеттігін айтып, саланы жаңғырту бойынша «Жол картасын» әзірлеуді тапсырды. Қолға алынатын реформада құқық қорғаушыларды дайындайтын жоғары оқу орындарының білім беру жүйесін өзгерту, қызметкерлердің жұмысын сервистік модельге ауыстырып, қайта аттестаттаудан өткізу секілді мәселелер қамтылған. Сонымен қатар мұнда штатты оңтайландырып, үнемделген қаражатты жалақыны көбейтуге, полицейлерді тұрғын үймен қамтуға бағыттау жайы шет қалмаған. Құнды құжаттағы осы және өзге де басымдықтар жөнінде облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Гани Төлебаев пен ҚОПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Бауыржан Ибраев тарқатып айтты.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ

Жүргізіліп жатқан оңтайландыру жұмыстарының аясында Ішкі істер министрлігінің 16 қазандағы №721 бұйрығына сәйкес, Қызылорда облысының Ішкі істер департаментінің атауы Қызылорда облысының полиция департаменті болып өзгертілді. Құқық қорғау органдары жұмысын түбегейлі жақсартатын әлеуетті реформа да дайындалып жатыр. Ол келер жылдың І қаңтарынан бастап жүзеге асырылады. Оның негізінде жұмыс жаңа сатыға

көтеріледі деген сенімдеміз. Халық арасында адам саны ең көп құрылым полиция екені жиі айтылады. Осы орайда құқық қорғау қызметкерлерінің баспаналы болу мәселесінің шешілуі, жалақы мөлшері көңіл көншітпейтіні рас. Ал Президент айтқандай, жаңғырту жөніндегі жұмыстар алдымен осы мәселелерді шешуден басталса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасы да артуы мүмкін. Қазір облыстың өзінде 800-ге жуық полиция қызметкері



баспаға мұқтаж. «Ішкі істер органдары» туралы Заңға сәйкес, үйі жоқ қызметкерлер қызмет өткеру кезеңінде тұрғын үймен қамтылуы тиіс, – деді Гани Төлебаев.

Ал ҚОПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Бауыржан Ибраев мансаптық ілгерілету, полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүйесіне қатысты пікір білдірді. Жанадан

қабылданған қызметкерлерге жаңа талап қойылатынын жеткізіп, тұрғындармен жұмыс жасаудың форматы өзгеретінін хабарлады. Оның айтуынша, енді барлық полиция бөлімдерінде азаматтарды қабылдайтын арнайы фронт-офис ашылады. Бұл фронт-офиске қызмет ұсыноақ. Фронт-офисте арнайы іріктелген қызметкерлердің көмегіне жүгіну мүмкіндігі қарастырылған.

ЖОЛДАУ МІНДЕТТЕРІ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Жаңа жылдан бастап 6 кәсіпорында жалақысы төмен 600-ге жуық қызметкердің еңбекақысын көтеру жоспарланды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бағынысты ұйымдарды оңтайландыру бағытында денсаулық сақтау саласының 3 аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансеріне біріктірілді. Ал «Қорқыт ата» әуежайы АҚ жекешелендіру нысандарының тізбесінен алынды.

Жыл басынан 39 млрд 203 млн теңгенің 192 конкурсы ұйымдастырылып, 2 млрд 68 млн теңге үнемделген.

Аймақ экономикасындағы осындай жаңалықты өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте үш бірдей мекеме басшылары айтты.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Атап айтқанда: облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрғали Қордабай, облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Ринат Құдайбергенов, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Жанзира Ерсейітова Елбасы Жолдауында жүктелген міндеттердің жүзеге асуы бойынша атқарылып жатқан жұмыс барысын баяндады.

Жолдауда айтылған міндеттің бірі – төмен жалақы алатын жұмысшы

еңбекақысын көтеру болатын. Бұл ретте басқарма басшысының міндетін атқарушы Н.Қордабай жалақыны көтеру бойынша ірі және орта кәсіпорын басшыларымен келіссөздер жүргізіліп жатқанын, нәтижесінде 2019 жылдың қаңтар айынан бастап 6 кәсіпорында 600-ге жуық қызметкердің еңбекақысын көтеру жоспарланғанын мәлімдеді.

– Сонымен қатар өнімділігі бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 25 мыңнан астам қызметкердің еңбекақысын көбейту үшін республикалық бюджеттен трансферттер бөлу есептемелері келісілді. Ал, қоғамдық жұмысқа тартылатын 6400 аз қамтылған азаматтардың қаржысын ұлғайтуға қосымша қаражат іздеу жұмыстары жүргізілуде, – дейді ол.

Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құру және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау бойынша жыл басынан бері өнімділігі 10605 жаңа жұмыс орны құрылған, жоспар 10070 жұмыс орны болатын.

Елбасы тапсырмасына сәйкес, бағынысты ұйымдарды оңтайландыру бағытындағы жұмыстарды облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Р.Құдайбергенов атап өтті. Бүгінгі күнге денсаулық сақтау саласында 3 аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансеріне біріктірілген. Сондай-ақ облыстық психикалық денсаулық орталығын облыстық наркология орталығымен біріктіру туралы қаулы қабылданды. «2019 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген Қызылорда облысының денсаулық сақтау ұйымдарын дамытудың перспективті жоспарына сәйкес, облыстық тері-венерологиялық диспансері, онкологиялық орталығы,

жұқпалы аурулар ауруханасын қалалық ауруханасына біріктіріп, облыстық көпсалалы аурухана құру жоспарланды, – дейді басқарма басшысының орынбасары Ринат Құдайбергенов.

Мұнан бөлек, келер жылы мәдениет саласында мұражай, кітапхана, мұрағаттарды және орман шаруашылығы, ветеринария саласының ұйымдарын біріктіру нысанында.

Жекешелендіру бойынша өнімділігі жекешелендіруге жататын 15 нысанның тізбесі бекітіліп, жүйелі жұмыс жүргізілсе, оның ішінде бір нысан – «Қорқыт ата» әуежайы АҚ ҚР экономикасының жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2018 жылғы 3 мамырдағы шешімімен жекешелендіру объектілерінің тізбесінен алып тастау туралы шешім қабылданған.

Брифингте облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Жанзира Ерсейітова бұл салада ашықтықты қамтамасыз ету басты назарда екендігін және мамандар біліктілігін арттыру қамтамасыз етілгенін атап айтты. Басқарма басшының айтуынша, жыл басынан 39 млрд 203 млн теңгенің 192 конкурсы ұйымдастырылып, 2 млрд 68 млн теңге үнемделген.

МҰҒАЛІМ БЕДЕЛІ – ҚОҒАМ БЕДЕЛІ

Елбасы қай кезеңде де халыққа арнаған Жолдауында мемлекетіміздің алдында тұрған айқын міндеттерді айшықтап, жаңа бастамаларға тың серпін беретіндігін куәсі болып келеміз. Билікті Жолдауға халық ықыласы, соның ішінде педагогтар қауымының ризашылығын тудырған «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, келесі жылға дайындау қоғамның қажет етіп отырған мәселесі деп білеміз.



Мұғалімдерді ғана емес, осы білім, тәрбие саласында жүргендерді де серпілген ұсыныс болды. Бұл қабылданатын заңда педагогтың әлеуметтік мәртебесін көтеретін стимулдар, оқу жүктемесін, қажетсіз тексерістерді азайту мәселелері көрініс табуына сенімдімін. Мұғалімнің алатын жалақысы мен еңбегінің

арасындағы алшақтық, қағазбастылық, өзінің міндетінен тыс қоғамдық жұмыстарға тартылуы сияқты мәселелер қалына келеді, құқықтық тұрғыдан қорғалады деп ойлаймын. Мұғалімге дөрекілік көрсетуді заңды құқығым деп білетіндер үшін де тыйым болары сөзсіз. Сонымен бірге, біздер, педагогтар осы арқылы өзімізге артылған жауапкершілікті сезініп, ұстаз деген атқа лайық бола білуіміз де керек.

Біз ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген сөзінің шындық екендігіне көз жеткіздік. Ендеше, елдің болашағына білім, тәрбие беретін мұғалім мәртебесін белгілеуде ешқандай мәселені көзден таса қалмайды деп сенеміз.

Базарқұл АБДИКАСОВА,
Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернаттың мұғалімі.

Шилі ауданы – облысымызда ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі қатар өркендеп келе жатқан өңір. Өзіндік ерекшеліктеріне ие. Аудан орталығы Шилі кентінен теміржол және автомобиль жолының жақын отетіндігі, қарт Қаратау мен Сыр өзенінің жақындығы да өңірдің табиғи ресурстарын молайта түсетіндігі түсінікті. Сондай-ақ, аудан орталығына ауылдық округтер мен елді мекендердің таяу орналасуы, сауда-саттыққа, басқа да орта және шағын кәсіпкерліктерді өрістетуге жақ ашып келеді. Осында мекен ететін тұрғындар базарлы қатынасқа ерте бейімделіп, өз кәсібін өрістетуге түсуімен тұрмыстық жағдайын да жақсартып отыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ТҮРҒЫНДАР ИГІЛІГІ

Міне, осындай жағымды себептерден аудан халқының саны арта түсуде. Сырттан көшіп келіп, мұнда орнығушылар қатары да жылдан жылға молайып келеді. Халық санының өсуіне байланысты соңғы жылдарда бірнеше шағын аудандар бой көтере бастады. Соның бірі ретінде ел аузында «9 этаж» аталатын кеңестік кезеңнен басталған құрылыстың қалған көпқабатты үй маңында тұрғындар саны артқан. Осы жерге жаңа константушылар тарапынан ауыз су, электр желісі, жолға қатысты өтініштер айтылып жүрді. Өйткені, тұрғындарға жер берілген кезде инфрақұрылым мәселесі әлі жүзеге асырылмаған еді, кейіннен біртіндеп атқарыла бастағанымен, әлі толық қамтыла қоймағандығы да рас. Сондықтан осы маңға қоныс тебе бастаған үш жүзге тарта жаңа үйлердің шет жақтағылары электр жарығы, ауыз су, жол жағдайына алаңдаушылықтарын білдірісіп жатады.

Жалпы жоспарға сай және де тұрғындар өтініштері назарға алынып, бүгінгі таңда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Шилі кентіндегі «Шұғыла-2», «Шұғыла-3», «Шұғыла-4» шағын аудандарында 572 үй ауласының шекарасына дейін ауыз су құбырлары жүргізілуде. Маусым айында басталған құрылыстың жобалық құны 500,64 млн теңге. Бас мердігері «Алтын Айдарлы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, – дейді аудан әкімінің орынбасары Т.Жағыпаров. Сондай-ақ, Шилі кентіндегі «Шұғыла-2», «Шұғыла-3», «Шұғыла-4» шағын аудандарын электрмен жабдықтау бойынша жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, құрылыс-монтаж жұмыстары ішінара жүзеге асырылуда. Аталған шағын аудандарға тас жол (34 шақырымнан астам) салу да іске асады.

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ,
Шилі ауданы.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАҒЫ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдар, табиғи монополия субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен тұрғын үй-коммуналдық саласындағы мәселелер бойынша азаматтар үшін қоғамдық қабылдау өткізді. Оны департамент басшысының міндетін атқарушы Г.Өтегенова жүргізіп, қабылдауға келушілердің сұрақтары бойынша түсінік берді.

Қабылдау «Сенім» ПИК төрайымы И.Сартова Қызылорда қаласы, Төле би көшесіндегі үйде ауыз су қысымының төмендігі және жалпыұйлік жылу есептеу құралдарын коммерциялық есепке қабылдау мен оның көрсеткіші бойынша жылғы төлем жүргізу туралы айтса, қала тұрғыны А.Мамбетова тұтыну көлеміне байланысты электрмен жабдықтауға сараланған бағалардың негізділігін түсіндірді.

Зейнеткер Н.Досалиева Қызылорда қаласы, Мүсірепов көшесінде орналасқан көп қабатты үйдің маңындағы көріз жүйесі жиі істен шығып, тұрғындарға қиындықтар туғызғанын, ақау жөндөлсе деген ұсынысын білдірді.

Қаладағы «Мерей» шағын ауданының тұрғыны Е.Байділда

аталған ауданда орналасқан «Жаңа ел» дүкенінде қалалық аппарат қолданбайтындығын, сатылған заттарға түбіртек берілуінің төмендігі және түрғынның үйінде жанарту жұмыстары сапасыз жүргізіліп, қазір ол үшін ақы талап етіліп жатқанын айтты.

Қоғамдық тыңдауға келген сала басшылары қойылған сұрақтар бойынша атқарылатын жұмыстар туралы айтып, кейбір мәселелер бойынша түсіндірме берді.

Сондай-ақ қоғамдық қабылдауға келген азаматтар электрмен, жылумен, сумен жабдықтау және суды бұру салаларындағы өзекті мәселелерді қозғап, олар бойынша департамент әр аптаның сейсенбі күні аталған шараны өткізіп тұруды ұйғарды.

Ж.ӘЛМАХАН.

Мұнда үй құстарының «Линда» атымен танымал қаздың 2500, ал үйректің «Агидель» атты түрінен 3000 басы өсірілуде. Тез ет жинайтын әрі құнарлы дәруменге бай құс етінің өзіндік дәмі де ерекше. Былтыр 2035 бас қаз бен 3577 бас үйрек сойылып, сатылымға 19 мың келі құс етін шығарған. Наурыз-мамыр айларында жұмыртқалайтын бұл құс түрлерінің тұқымын арнайы инкубаторлық сандықшада бастырып шығарады. Жұмыртқадан шығып, 20 күннен енді асқан балапандарға дәрумен беріліп, арнайы жемделеді екен.

– Балапандарға үш мезгіл жем-сусын үзбей беріп отырамыз. Осы кезеңде барлық ветеринарлық екпе-лер салынып, талаптарға сай қала-ғаланады. Үйрек 4 келі, қаз 7 келі бол-ған кезде шінделгі қораздарын алып,



АЙДАРЛЫ АУЫЛЫНДА...



«Сарыарқадай» дархан даланы көзге елестетер шабытты күй төгіліп тұр.

Мұндағы әсем ғимараттың бірі – 150 орынды ауылдық клуб. 2015 жылы пайдалануға берілген мәдени шаңырақта 10 қызметкер жұмыс істейді. Клуб үйінде ән, би, домбыра, қолөнер үйірмесі, «Ауыл айдары» үгіт бригадасы мен халық театрының өнерпаздары барлық ауыл мен аудан, облыс көлеміндегі іс-шараларда өте белсенді. Айтпақшы, 35 жылдан аса жұмыс жасап келе жатқан «Айдарлы» халық театры түрлі спектакльдерді ауыл мен аудан халқына ұсынып келеді. Сонымен бірге балаларға қазакша мультфильм көрсетіліп, жастардың бос уақытын тиімді өткізу уақытында би кеші, заманауи экран арқылы жана қазакша фильмдерді тамашалауға көп мүмкіндік жасалған. «Елбасы ретінде мен әрбір сә-бидің құқығы қорғалуын талап ететін

арнайы сою пунктінде дайындап, өнімді халыққа ұсынамыз. Осында орналасқан құс өсіру фермасында 7 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, 60-70 мың теңге көлемінде айлық төлейміз, – дейді Мұрат Әйменов.

Шаруа қожалығы алдағы уақытта Айдарлыдағы «Сорқұдық» көлінде балық өсіріп, оны қатыру, мұздату, ыстау сияқты жеңіл өңдеумен айналысуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге осы аймақтан 400 гектар жерге жүгері тұқымы егіліп, «Жан-Арай Жемге» 3000 тоннаға дейін жүгері тапсыруды жоспарға алған.

Алақан жайған ешкім жоқ

Расымен солай. Әркім әлімше тірлік етуде. Ауылдағы 70-тен аса кәсіпкер өз шаруаларын дөңгелен-туде. Бірі саудан айналысса, енді бірі тоқима қолөнермен, тағы біреуі шаштараз қызметін ұсынса, келесі тұрғын нан өнімдерін дайындау-мен айналысып тыным табар емес.



Тіпті, осы жылдың басынан бері 20 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген.

– Ауылдан «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағыты бойынша жоспарланған 3 жобаның орнына 4 жоба мақұлданып, оның 4-і де қаржыландырылды. Нәтижесінде 9 млн теңге несие алып 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Сонымен бірге «Бизнес-бастау», «Бизнес-кеңесші» жобалары бойынша кәсіпкерлігін ашуға үміткер 15 адам оқытылып, оның 6-ы жобаларын қорғады, – дейді ауыл әкімі Ғани Дүйсебеков.

Мысалы, Әмірхан Уәлихан – жас та болса, мал шаруашылығы бағытында жеке қожалық ашқан азамат. Бұл атақәсіпті әкесінің ақыл-кеңесімен, тәуекелге бел буып бастаған. Бағдарламамен 3 миллион несие алған Әмірхан 9 бас аналық жылқы алып, басын көбейтуде. Сонымен қатар, «Zhas Project» жобасы бойынша жемішпаз атанған Әмірзақ Есболатов мүмкіндігі шектелуі жаңдарды оңалту орталығын ашып, жұмысын бастап кеткен. Іскер жігіт жақында ғана жас кәсіпкерлер ара-



сында ұйымдастырылған «Байқоңыр-Start up» облыстық бизнес идеялар байқауынан II дәрежелі жүлде – 200 мың теңгенің сертификатын алып, екі адамды жұмыспен қамтығалы отыр.

боламын». Президенттің осы сөзін басты ұстаным еткен «Нұр соби» балабақшасы ауыл сәбилерінің ең жылы ұясы десе де болады. Мұнда 25 бала тәрбиеленуде. Аудандық мәслихат депутаты, ауылдың белсенді тұрғыны, балабақша меңгерушісі Жаннат Нәлібаеваның әр сәбиге ерекше мейіріммен қарайтыны көрініп тұр. Балабақшадағы барлық қызметкерлер – әліскер, психолог пен тәрбиешілер, аспаздар мен көмекші апайлардың өз ісіне аса жауапкершілікпен қарауы көңіл сүйсінтеді.

Сонымен қатар 11 маман қызмет ететін ауылдық дәрігерлік амбулатория, 17787 кітап қоры бар кітапхана, 100 нүктелік АТС, бір «Қазпошта» бөлімшесі халыққа үлгілі қызмет көрсетуде.

Азаматымен ажарлы

Әбдіжәлел Бәкірдей қоғам қайраткері, Әділхан Дүйсебековтей академик шыққан Айдарлы шынымен жаппай ауыл. Халқымызда «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» деген жақсы сөз бар. Ел бірлігі – ең асыл қасиет екенін ұққан мұндағы ел әрқашан абыройды ойлап, адал еңбекпен күн кешуде. «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек», – деген Елбасының қанатты сөзін алға қойып, кейінгі ұрпаққа өз онегесін, тәлім-тәрбиесін ұқтырған ауыл қарияларының орны ерекше. Дандық шопандар, мал шаруашылығын дамытуда өлшеусіз үлес қосқан Әлі Уәлихан, Тұрсынбай Оспанов, Іргебай Әбділаев сияқты еңбеккерлердің онегелі ісін жерлестері ерекше құрметтейді. Жауырыны жер иіскемеген балуан да, бұлбұл көмей әніші де бұл ауылда жетерлік. Айтпақшы, ауыр атлетикадан халықаралық және республикалық жарыстардың жүлдегері Раушан Мешітханқызы да осы Айдарлының түлегі.

Мақсатымыз – шалғайдағы ауылдың шаруасын, жай-күйін байқап, жеткен жетістігі мен кеткен кемшілігін саралап, ел құанышымен басылым бетіне түсіру еді. Мақсат орындалды. Айдарлы шынымен Ақтөренің айтқанынан да асып түсті.

Сырдария ауданы.

IGILIK

КЕЙДЕНДЕГІ ӘСЕРЛІ КҮН

Жаңақорғанда ауданның құрылғанына және халық ақыны Манап Көкөновтің туғанына 90 жыл толу мерейтойы жалғасуда. Осындай шаралардың бірі Кейден ауылдық округінде өтті.



Аудан әкімі Ғалым Әміреев бастаған қонақтар жаңа кейіпке енген ауылдың тыныс-тіршілігімен танысып, бірқатар кәсіпкерлік және әлеуметтік нысандарды аралады. Осы күні ауылдық клуб үйінде ардагерлер аллеясы, клуб ішінен үкіметтік емес ұйымдар бөлмесі ашылды. Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз Рахман Көкеевтің ескерткіш тақтасының лен-тасы қиылды. Салтанатты жиында аудан әкімі ауылдық округтегі игі істерге баға бере келе, ардагердің ұл-қыздарына ризашылық білдірді.

– «Туған жерге туынды тік» деген ұғым бізді бірлікке бастап, онегелі шаруаларға шақырады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы осы орайда нақтылығымен қуантады, – деді Ғ.Әміреев.

Одан кейін майдангер туралы естелік кітаптың тұсауы кесілді. Шағын футбол, шахмат, дойбы ойындары бойынша аудандық турнир марқұмды еске алуға арналды.

Кейденде кәсіп ашып, өнім өңдеу мен өндіруге ден қойғандар қатары артып келеді. Солардың бірі – ауыл тұрғыны Қасым Әбжанпаров. Ол

жүгері өнімдерін өңдейтін және сусын өндіретін кәсіпорында іске қосып, оның тиімділігі туралы ойды ортаға салды. Аудан әкімі бастаған қонақтар цех жұмысымен танысты.

Одан соң ауыл клубында ауыл шаруашылығы өнімдері мен қолөнер бұйымдарының көрмесі назарға ұсынылды. Кәсіпкер Ұлсерік Иманбаева быыл біраз жерге көкініс, бақша дақылдарын егіп, оны тиімді саудалады. Ал Ұлаш Төлеуова аудандық кәсіпкерлікті қолдау бөлімі арқылы 1 653 мың теңгеге сүт өнімдерін өңдейтін аппарат сатып алды. Бүгінде ол сүт, қаймақ, сүзбе, айран шығарып келеді. Сары май, құрт өндіріп де жолға қойды.

Осы күні Айжан Шерубаева жетекшілік ететін ауыл мектебінде мерекелік шара ұйымдастырылды. Ол аудандық мәдениет үйі өнерпаздары сахналаған «Алпамыс» шағын спектакльмен басталып, оқушылардың концертінде жалғасты.

Аудан әкімі Жолдаудан бастау алатын міндеттерге тоқталып, түрлі саладағы еңбек озағтарын алғыс хаттармен марапаттады. Шара соңында спорттық бәсекеде озық шыққандар жүлделер иеленді.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Кейден ауылы,
Жаңақорған ауданы.

ҒҮЛҮМИ ЖОБА

ЖАС БИОЛОГТЫҢ ЖАҢА ИДЕЯСЫ

Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Алтынай Әбдіжәміл жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында фитонцидтерге бай жабайы өсімдіктерді көркейтуде қолданылуға пайдалануды ұсынады. Облыстағы жабайы өсімдіктердің салыстырмалы фитонцидтік белсенділігін эксперимент арқылы зерделеген жас зерттеуші аймақтың климаттық жағдайына төзімді, экономикалық тұрғыдан тиімді, туберкулез таяқшасына және басқа да патогенді микробтарға қарсы тұра алатын «өсімдік антибиотиктерінің» тізімін жасады.

Шынар БЕКБАН.

Алтынайдың ғылыми жоба үшін тақырыпты таңдап алуына, туберкулезбен сырқаттанушылық деңгейінің әлі де болса алаңдататын мәселе екені себепші болған. Жоба жетекшісі биология пәнінің эксперт мұғалімі Дари-ха Мұнарбаеваның басшылығымен фитонцидтік қасиеттері басым жа-байы өсімдіктерді зерттеген. Ол өсімдіктер жұқпалы аурулардың алдын алуға және күресуге септігін тигізбек. Өз ұсынымында мектеп және басқа да балалар оқып-білім



алатын ғимараттардың ауласына көркейтуде қолданылуға жұмыс-тарына пайдалану қажеттігін айтты. Жас биологтың сөзінше, фитонцидтер – микроорганизмдердің да-муын және көбеюін тоқтатуға, те-жеуге ықпалды иммунитетті заттар. Ол бойынша зерттелген өсімдіктер – тораңғыл терегі, жыңғыл, жабайы жиде, күміс терегі, қараған, кекіре, ақ сексеуіл, адыраспан болған. Ми-кроорганизмдерге және кейбір жән-діктерге олардың әсері зерттелген.

– Эксперимент нәтижесі көрсет-кендей, жабайы жиде, жыңғыл, то-раңғыл терегі, терек, адыраспан сия-қты фитонцидтік белсенділігі жоғары өсімдіктерді жұқпалы аурулардың алдын алу үшін табиғи компонент ретінде балабақшалар мен басқа да балалар мекемелерінің ауласында көркейтуде қолданылуға пайдалану өте тиімді, – деп толықтырды жоба жетекшісі Дариша Мұнарбаева.

Жобаның маңыздылығын өңір мамандары ғана емес, Алматы қаласының белгілі ғалымдары жо-ғары бағалады. Жақында өткен рес-публикалық ғылыми жобалар сай-ысында жас биологтың бұл идеясы жүлделі екінші орынға лайықты деп танылған еді.

PIKIRSAIYS

ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Бүгінгі жастар жұмқорлықсыз қоғам құруды қалайды. Олар жұмқорлықпен күресудің нәтиже беруі мүмкін барлық жолдарын ұсынып, белсенділік та-нығып келеді. Осы ретте облыстық тарихи-өлкетану музейі «Жас отан» жас-тар қанатымен бірлесіп, пікірсайыс алаңын өткізді.

Сара АДАЙБАЕВА.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі Эль-зира Сағитжанова шараның маңыз-

дылығына кеңінен тоқталды. Қоғам дегіне айналған проблеманы шешу үшін жастар да өз үлесін қосып, осы бағытта түрлі ауқымды шаралар атқарылып жатқанын жеткізді.

Пікірсайыс алаңында жастар екі топқа бөлінді. Олар жұмқорлықтың жолын кесу үшін қандай амалдар жасалу керектігін айтып, өзіндік көзқарастарын білдірді. Ұсыныс, пікірлерін айтып, көпшіліктің талқысына салды.

– Бүгінгі сайыстың мақсаты – жастарды шығармашылық және қоғамдық іске баулу арқылы жұмқорлыққа қарсы тәрбиелеп, өзекті мәселеге деген құқықтық мәдениетті арттыру. Қай кезде

де қандай күрес болмасын, адам өзінен бастауы қажет. Сол себепті, біз барлық жасты белсенді болуға шақырамыз, жұмқорлықпен бірге күресейік, – деді мектеп оқушысы Нұрай Қалиханова.

Пікірсайыстың аяққа кезеңінде жүйелі ойын көрсеткен жастар марапатқа ие болды.


«Рухани жаңғыру» орталығында өткен шараға музей қызметкерлері, «Жас отан» жастар қанатының белсенділері, «Жалын» облыстық пікірсайыс орталығының өкілдері, студенттер мен мектеп оқушылары қатысты. Жиын соңында жастар му-зей ішін аралап, қаланың өткен тари-хы мен бүгінгі тынысына куә болды.

MEREI

Бүгінгі технократтық дәуірде сурет дегеніңіз бәсі төмендеген дүниелердің қатарына қосылды. Өйткені әрқайсымыздың қолымыздағы телефонда жүздеген бейне сақтаулы. Кейде құрылғысы құрғырдың жадына сыймағандарын өшіріп жіберетініміз бар. Суретке түсу үшін арнайы фонға ақылды, әдемі түр «жасап» тұра қаламыз. Түрлі-түсті, мың бояулы, бірақ жансыз, сөзсіз. Осындайда ақ-қара ренктегі ескі суреттерге көз салып көріңізші... Әсіресе, біздің басылымының ардагері, фототілші Болат Омарәлиевтің суреттеріне зер салыңыз. Адамдардың күлкесінде де, айналасын қоршаған әлемде де жасандылық жоқ. Бәрі шынайы, табиғи... Көзің демалып, жансарайың ашылып сала береді.

© Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТКЕ МӘНГІЛІК ҒҰМЫР СЫЙЛАҒАН



15 қарашада жетпіс жасқа толып, ғұмырының жарты ғасырдан астам уақытын Сыр бойының шежіресін жасауға жұмсаған Болат Омарәлиевтің танығалы жиырма жылға жуықтады. Ол кісінің облыс тарихына, руханиятына сіңірген өлшеусіз еңбегін ел біледі. Сонау Аралдағы Құланды мен Қаратау сілемдеріне дейінгі аралықты жүріп өткен жолы туралы өзі, замандастары айтып отырғандармен көңілге көп нәрсе түйдік. Бірақ шығармашылығына баға беруге, еліміздің фототөркер саласындағы орнын айқындауға шамамыз жете бермейді. Бір білеріміз, Болат Омарәлиев ұлтқа, ұрпаққа, тарихқа керек дүниелерді таспаға түсіру арқылы тұтас дәуірдің бет-бейнесін мәңгілік игілікке айналдыру миссиясын адал атқарды.

Болат ағаның суреттері күнделікті күйбең тіршіліктің тақырыбынан алыс, адам өмірінің сәулелі сәттерін еске түсіруімен құнды. Кәсіби фотошебер қарға оранған тал-теректі, жерде шашылған жапырақты, батқан күн мен атқан таңды бізге қарағанда басқалай көреді. Оның архивіндегі көк аспанда жөнкілген қазбауыр бұлттардың, тізбек жасап ұшқан құстардың, көл жағасындағы құрақтың суреттеріне бұрын-соңды мұндай көрініске кезікпегендей, құмарта қарайтынмыз содан болар.

Ол балаң жасында қолына фотоаппарат ұстағанда қазақ ұлтының қайталанбас тұлғаларының фотогалереясын, Сыр өңірінің жартығасырлық шежіресін жасауға қадам басқанын түсінбеген шығар. Талай негативтер мен пленкалар әлі қорабынан алынбаған да болар. Өйткені бір сөзінде «кейбір фотографтар қорында 200 мың сурет бар екенін айтады. Олар түсіргенін барлығын жинай берген. Менде 2 мың сурет бар. Ең сәтті дегендерін іріктеп алдым. Оның жартысына жуығы ғана жарияланды» деген еді.

Фотогалерея демекші, Болат аға Қызылордада ат басын бұрып, табан тіреген атақты адамдардың ешқайсысын кадрдан тыс қалдырмаған. Бірде

«Мұқағали Мақатаевтан басқа қазақтың маңдайына біткен таланттарды, ақын-жазушы, әнші-актерларды суретке түсірдім. Менде тек ақын ақынның суреті жоқ. Алматыға барғанда талай іздедім. Таба алмадым. Өлең оқып отырған сәтін түсіргім келді» деді. Бәлкім, тағдыр жолдарын тоғыстырмаған шығар. Әйтпесе, өзміз тәмсама қарап жүрген Оралхан Бокейдің, Нұртаса Тілендістің, Әбділді Тәжібаевтың суреттеріндей «сөйлеп» тұрған дүние туар ма еді?

Дегенмен, қолдағы бар суреттердің құндылығы уақыт өткен сайын артып келеді. «Құрыш қазақ» Зейнолла Шүкіровтің, «Құлымның ұланғайыр күлкесі» Қалтай Мұхамеджановтың, қазақ киносының анасы Әмина Өмірзақованың, тағы да басқа біртұрлардың қас-қағым сәттегі көріністерінен олардың жан тебіренісі, ішкі дүниесіндегі иірімдер байқалмай калмайды. Ол түсірген суреттерде кейіпкерлерінің мінезі, сол сәттегі толқынысы көрініп тұрады. Кей кадрлар аяқ астынан сөйлеп кететіндей әсерлі әрі жанды. Болат ағаның «суреттен образ шығару үшін кейіпкердің сырт келбеті мен ішкі тебіренісі сәйкес келуі керек» дейтін өзіндік ұстанымы бар. Өзі сол сәтті, мыңнан бір мезетті қалт жібермей, ұстап алу үшін үнемі шығармашылық ізденісте жүрді.

Фотошебер әр суреттің түсірілу тарихын қызықты етіп әңгімелеп бергенде, фотоөнердің қыр-сырына, ашылмаған әлеміне бойлай түссен. Мысалы, Мәскеудегі көрмеге қойылған «Соғыс жесірлері» сериясындағы кейуаның суреті. Онда соғыстан қайтпаған балаларын күткен аның жүзіндегі сағыныш табы мен қайғы-қасіреті де, «балаларым келіп қалар» деген үзілмеген үміті де көрініс тапқан. Мына суреттегі өмірінің жарымын жырақта өткізіп, атамекеніне алғаш табан тіреген, туған топырағына тәу еткен қарияның бейнесі тебіренпей қоймайды. Боз далада бауырын жазып шапқан ат, бір-бірімен жарысқан ойын балалары, таң алдындағы көйгіз өген

шопан, түн қараңғысында үшбұрыш болып ұшқан тырналар, тізбектей берсек, ұшы-қиырына жетпесіміз анық.

Зейнетке шыққалы Болат аға әлеуметтік желінің белсенді қолданушысына айналды. Соңғы жылдары архивтегі қазынасын цифрлық форматқа көшіруді бастаған еді. Содан көмбенің құлпы ашылды. Жылдың төрт мезгілі, адамның кейбір кездері, көңіл толқынысы, қуанышы, шаттығы еш боямасыз бейнеленген кадрлар жарыққа шықты. Әсіресе, қазақ әдебиеті мен өнерінің алыптары, Сыр бойында өмір сүрген еңбек адамдары бейнеленген суреттерді ақпараттық сайттар көшіріп басып, желі қолданушылары бөлісіп пайдалана бастады. Ол кісі жүктеген тарихи әрі тағдырлы суреттерге леуің арасында мыңдаған «бас бармақ» басылып, желідегі жұртшылықты біразға дейін желпіттеді. Желіде шығармашылық адамның жан дүниесін түсінетіндер, ескі суреттерден қимас адамдарын кезіктіргендер, балалық пен жастық шақтың сәулелі кездерін еске алғандар Болат ағаға алғыстарын жаудырып, бағасын беріп жатады.

«Қай жаста болсаң, қолыңнан фотоаппарат түспейтін. Өмірдегі көргендеріңнің бәрін түсіріп алдым деп айтуға да болмайды. Суретке түсіре алмай кеткенім қаншама?! Мысалы, бір ірі талантты тұлғаның қимыл-қозғалысын, композиция шешімдерін шығара алмай өкініп қалған сәттерім көп болды» депті ол бір жазбасында. Өз-өзіне көңілі толмай – шығармашылық адамды таң қасірет. Бірақ, Болат Омарәлиев қазақтың, Сыр өңірінің кешегісі мен бүгінгісі, тұлғаларының бейнесін мәңгілік ету жолында қыруар жұмыс тындырды. Оның бағасын халық пен оқырман берді, еңбегі тарихқа таңбаланды. Жарыққа шықпаған кадрлар қаншама... Бұл фотошебердің алтын қорындағы қазынаға әлі де қаныға түсетінімізді білдіреді. Жетпісінші белесіңіз құтты болсын!

**KELBET**

Сырдың елін жырылған елі атандырған сүлейлер мен дүлейлер туған топырақ қасиетті Қармақшы өңірінде ақын да, батыр да, алым да, алып та дүниеге келген. Қазіргі Тұрмағамбет ауылынан қазақтың қаншама жақсы мен жайсаңдары түлеп ұшты. Осы бір қойнауы тағлымды тарихқа толы елдің берекесін берлерлеп, мерекесін мерейлеп, ер жүгін арқалаған азаматтар бүгін де ортамызда жүр. Біз солардың бірі Нұржан Айдарбекұлы Пірмантаев туралы сөз айтпақпыз.



ПЕРЗЕНТТІК СҮЙГЕН ЖҮРЕКПЕН ТУҒАН АУЫЛЫН ТҮЛЕТКЕН

Сонау жылдардағы бүйірден қысқан нарықтық экономика заңдылықтарына тез бейімделе алмауы салдарынан Тұрмағамбет ауылында да түрлі қиындықтар туындаған болатын. Шаруашылық қарыздарын өтеу үшін иелігіндегі техникалар мен тұрғылықты кәсіпкерлерге қол сала бастады. Қаржы болмады, жұмысшылар жылдап жалақы айлықтарын ала алмайтын жағдайға жетті.

Сонда да елдің іргесі сөгілмеді, белін бекем буып, бірліктерін жоғалтпады.

Міне, осы бір қиын кезеңде ауыл ардагерлері мен еңбеккерлері осы ауылдың тізінін ұстап, тығырықтан алып шығуды жасап маман Нұржан Айдарбекұлы Пірмантаевқа сеніп тапсырып, оны 2008 жылы шаруашылықтың төрағасы етіп сайлады.

Бұл жылдары шаруашылықтағы техникалар көнерген әрі санаулы, инженерлік жүйеге түспеген егістік жерлерді жыңғыл мен шөңгел басып кеткен, каналдар көміліп, егін алқабына баратын су жолдары жабылған, жұмысшылардың уақытылы айлық алмауы себепті еңбек өнімділігі қожыраған уақыт болатын. «Жас келсе, іске!» дегендей, білікті маман жұмысты барлық саланың құрылымдарын жауапты іскер мамандарынан қайта жасақтап, бүгінгі жағдайға талдау, келешекке бағдар жасаудан бастады.

Шаруашылықтың инженерлік жүйелері жерлерін қайта тегістеу, егіс алқабын кеңейту, су жолдарын тазарту секілді қарбалас тірік басталды. Мұнан кейінгі кезеңде егін егудің жаңа технологияларын меңгеру, ауылдағы егіс жүйесін қалыптастыру, шаруашылықты отандық және шетелдік техникалармен жабықтау, еңбек өнімділігін арттыру ісі алға шықты. Шаруашылықтың табысы мен халықтың әл-ауқатының артуы арқылы бұл күнде Тұрмағамбет ауылы ені мен әні, мәдениеті қатар өрлеген аудандағы, қала берді облыстағы іргелі, алдығы қатардағы шаруашылыққа айналды.

Қазір шаруашылықтың 3000 гектарының үстінде егіс егіп, күршінің әр гектарынан 50-55 центнерден, басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алуға қамтамасыз етіп отыр. Мұндай абырой мен берекеге қол жеткізудің жолында шаруашылық төрағасы Нұржан Айдарбекұлының көпжылдық ізденісі мен тынымсыз еңбегі жатыр.

Н.Пірмантаев 1969 жылы осы Тұрмағамбет ауылында, жаугершілікке қол бастаған Текей батырдың ұрпағы, тарихи тұлға Амангелді Имановтың туған жәні, қадірлі азамат Айдарбек ақсақал мен елге сыйлы ана атанған болған апайдың отбасында дүниеге келді. «Тектіден текті туалы, ол да тектілікті қуалы» демекші, Нұржанның бойында тектілік, ержүректілік, ерменділік белгілері молынан қалыптасқан.

Ол 1986 жылы ауыл ортасындағы республиканың белгілі 100 мектебінің бірі атанған №29 мектепті бітірген соң, әскери борышын өтеп келіп, 1990-1993 жылдары Қызылорда политехникумында техник-құрылыс мамандығы бойынша, өндірістен қол үзбей жүріп Қоржыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік «университетінде» инженер-механик мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын аудандық ПМК-30 мекемесінде жұмысшы болып бастап, 1994 жылдан 1999 жылға дейін Тұрмағамбет ауылында көлік жүргізушісі, 2006 жылға дейін шаруашылықта егіс бригадирі, 2008 жылға дейін бас агроном болып жұмыс істеген. Осындай қызметтерде жауапкершілігі, ортақ мүддеге жанашырлығы арқылы азаматтық болмысын танытып, оған ауыл тұрғындары шаруашылық төрағасы болуға сенім білдірелі.

Осы уақыттан бастап, шаруашылықтың жағдайы жақсара бастады десек, қателеспейміз. Төрағаның егін ету, күтіп-баптау, сапалы өнім жинаудағы қол жеткен табыстары мен ауылдың экономикалық-әлеуметтік дамуына жетекшілік еткен еңбегі ескерусіз қалған жоқ.

2009 жылы «Ауыл шаруашылығының үздік кәсіпкері» атанып, 2010 жылы «Озат ауыл шаруашылығы құрылымы» аталымымен марапатталса, 2011 жылы Астана қаласында өткен Агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің республикалық форумына қатысты, 2014 жылы Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасына ие болды. 2015 жылы «Жыл қамқоршысы» атанып, 2016 жылы омырауына «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төбелгісін тақты. 2018 жылы аудандық «Жомарт жүрек» аталымын алып, еліміздің мерекелік медальдарымен және аудан, облыс әкімінің бірнеше рет «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Ел сенімін абыройлы атқарып жүрген азамат 2012 және 2016 жылғы қатарынан екі рет аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланып, сайлаушылар аманатын орындау үшін аянбай еңбек етті. Шаруашылық басшысы және халық қалаушысы ретінде Нұржан Пірмантаев ауылдың экономикасы мен әлеуметтік, мәдени өсуіне, көркеюіне баса көңіл бөліп келеді. Оның басшылығымен ауыл орталығында типтік жобаданғы жана монша мен мейрамхана, сүлейлер аллеясы, көкөніс сақтайтын қойма, «Тұрмағамбет атындағы саябақ», егіншілер үшін дала қостары, ауыл мешітіне қажетті қоймалар салына, ауылды абаттандыруға ерекше назар аударылды. Көшелер жөнделіп, көгаландырылды, ауылшұлық тазалық талапқа сай қолға қойылған.

Ауыл ортасындағы мейрамхана тек ауыл тұрғындары ғана емес, көрші елді мекендер тұрғындары үшін де қызмет көрсетуде. Мейрамхана ауласы сан түрлі гүлдермен көмкерілген, алыстан көз тартып тұрады. Ауыл сыртындағы ата-бабалар қорымы қоршалып, мал аяғы баспайтын жағдайға келтірілген, аруақтарға құран бағыштауды да сауапты іс деп түсінген жұрттың. Біздің ауыл «еңбек еткен емеді» деген қағиданы берік ұстанған, шаруашылық басшысы озаттарды марапаттап, көтермелеп отыруды дәстүрге айналдырған. Баяғы жалақысын жылдап ала алмаған жұмысшы-механизаторлар енді еңбектеріне қарай жеңіл автокөліктерді сыйға алып жатыр.

Шаруашылық мектепке, балабақшаға, тұрмысы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарттарға үнемі демеушілік жасап отырады. Бүгінгі таңда ауыл орталығына шаруашылық әдіспен 100 орындық балабақша салу межеленіп отыр.

Шаруашылық басшысы Тұрмағамбет ақынның туғанына 130 жыл толуына байланысты «Тұрмағамбет түлектері» атты ауыл азаматтары туралы естелік кітаптың шығуына бастамашы әрі демеуші болды. Ауыл тұрғындарына сырттан бақша егу, олар үшін жем-шөп, жайылымдық жер бөлу тұрақты жолға қойылған.

Ол сонымен бірге бірлігі жарасқан отбасының басшысы. Жолдасы №29 мектептің мұғалімі Марал Нұржанова екеуі өмірге алтын асықтай ұл мен қызғалдақтай қыздар әкеліп, олардың қызықтарын көріп отырған бақытты әке. Балаларының алды жоғары білімді қызмет етіп жатыр, соны мектеп оқып жүр.

«Береке басы – ынтымақ» дейді дана халқымыз. Осындай білікті басшының басқаруымен ынтымағы жарасқан елдің алмайтын қамалы жоқ. Ең бастысы, ауылдағы ағайын арасы тату, ауыл абыройлы, іргесі берік, ел еңесі жоғары.

Ынтымағы жарасқан ауылдың мұндай өмір салтына жаста болса, ел ағасы атанған Нұржан Айдарбекұлы Пірмантаевтың қосып отырған үлесі үлкен. Оның бүгінгі мақсаты жаңа қоғам, жаңа заманда рухани жаңғыру жолымен еселі еңбек етіп жатқан ел-жұрттың сенімін шығып, туған ауылының әлеуметтік жағдайынан одан әрі жақсарту үшін тер төге беру болмақ.

Сұлтанбек МЫРЗАБАЕВ,
білім саласының ардагері,
Қармақшы ауданы.

АКТЫПА

«ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП АВТОБУСЫ»

Облыста екінші жыл қатарынан 2 қазан мен 10 қараша аралығында «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы ұйымдастырылды.

Облыс бойынша қаланың немесе ауылдың шет аймақтарында 2 шақырымнан 3 шақырымға дейінгі қашықтықтан 29 мектептен 3630 оқушы тасымалданды. Оларға 15 шағын және 9 автобус қызмет көрсетеді. Балалардың жол-көлік жаракаттануын алдын алуға байланысты білім беру ұйымдарында жол қауіпсіздігі паспорт сызбаларын сызып, ата-аналарға, оқушыларға көрінетін жерлерге іліп қою жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 тамыздағы №404 бұйрығының талаптарына сәйкес жалпы білім беру мекемелерінде оқу жылы көлемінде 1-4 сынып оқушыларына 18 сағат, 5-8 сынып оқушыларына 14 сағат «Жол қозғалысы ережесі» бағдарламаға сай айына екі реттен сабақтар өтуде. Қауіпсіз жол ережесін насихаттау мақсатында барлық жалпы білім беру ұйымдарында 5-11 сынып

оқушыларымен тақырыптық флеш-моб, сыныптық сағаттар, 1-4 сынып оқушыларымен сурет байқаулары ұйымдастырылды.

Білім мекемелерінде «Жол ережесін мұқият есте сақтайық» тақырыбында әкімшілік полициясы қызметкерлері жоспарға сәйкес баяндама оқып, оқушыларға жол белгілерінің анықтамалықтарын түсіндірді. Сонымен қатар, жергілікті полиция қызметі инспекторларының қатысуымен «Қауіпсіз мектеп автобусы» акциясы жоспарының талаптарын орындау мақсатында, облыс аумағында балалардың қатысуымен

болатын жол-көлік жаракатының алдын алу, сондай-ақ жасөспірімдер мен балалардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдыларын нығайту, тұрақты және оқу орындарына тексеру жұмыстары жүргізілді. Автокөліктердің техникалық талаптарының сақталуы және көлік жүргізушілердің біліктілігі талапқа сай тексеріле отырып, жол апаттарына себеп болуы мен автокөлікті құрастырып басқару, басшылықтың рұқсатынсыз тыс жерге шығу фактілерінің алдын алу мақсатында профилактикалық-түсіндірме жұмыстары жасалды.

DENSAÝLYQ

ПАТРОНАЖДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ӘМБЕБАП МОДЕЛІ

Облысымызға Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказдың денсаулық сақтау және медико-санитарлық қызмет өкілдері, халықаралық сарапшылар делегациясы келді. Ондағы мақсат – 5 жасқа дейінгі балалары бар және аяғы ауыр әйелдерге патронажды қызмет көрсетудің әмбебап прогрессивті моделін енгізу тәжірибесімен танысу. Делегация құрамында Қазақстандағы БҰҰ Балалар қоры өкілі Юрий Оксамитный, аталған қордың тамақтану және денсаулық сақтау бағдарламасының еліміздегі үйлестірушісі Қанат Суханбердиев, қор кеңесшісі Лариса Тихнова және басқалар бар.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Жұмыс барысының алғашқы күні олар облыстық балалар ауруханасында өткен семинарда болды. Семинарға сонымен бірге ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық қызметті ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары Күлшария Жақыпова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлжанзарова қатысты.

Отбасы денсаулығына тәуекел факторларын анықтау арқылы өмір сүру жағдайын, психо-әлеуметтік қызметін, денсаулығы жақсарту мақсатындағы модель 2016-2017 жылдары ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және облыс әкімдігінің бірлесуімен жүзеге асырылды. Инновациялық тәсілді пилоттық жобаларда енгізуге қалайық №11, 6 емханалармен бірге Жаңақорған аудандық емханасы таңдала алынды. Былғы жылдан бастап модель барлық елде ендірілуде. Ал, жоба аясында біздің облыстың барлық БМСК

ұйымдарында 18 ресурстық орталық ашылды. Онда ата-аналардың баланы дұрыс тамақтандыруы және қосымша тамақ беруі бойынша практикалық дағдылар оқытылады. Әлеуметтік және медициналық қызметтердің тығыз ынтымақтастық қарым-қатынасы арқасында отбасына толыққанды көмек көрсетіледі.

Ю.Оксамитный балалар өлім-жітімінің, аурушандығының және шала тууының алдын алуда патронажды қызметтің маңыздылығы жөнінде айтты. Оның айтуынша, Қазақстанда соңғы 10 жылда балалар өлім-жітімінің көрсеткіші 1000 туылған нәрестеге шаққанда 18,8-ден 12,6-ға төмендеген. Сонымен бірге, аталған модель патронажды мейрбибелер мен әлеуметтік қызметкерлерге балалар мен отбасы қажеттіліктерін нақты жоспарлауға мүмкіндік беруде екен. Осының нәтижесінде бала мен отбасының әлеуметтік қажет-



тіліктері дер кезінде шешілуде. Семинарда сондай-ақ, патронажды қызмет көрсетудің әмбебап прогрессивті моделін енгізу шеңберінде былғы жылдың 10 айында оқу орталығы базасында 119 дәрігердің, 666 орта буын медицина қызметкерінің, 22 әлеуметтік қызметкер мен 23 психологтың оқытылғаны белгілі болды. Семинарға қатысушылар ресурстық орталық жұмысымен және патронажды медбикелердің үздіксіз білім алу

жүйесімен танысты. Халықаралық сарапшылар делегациясы бес күндік жұмыс сапары барысында емханаларда болып, патронажды мейрбибелердің үздіксіз білім алу жүйесімен танысып, патронажды мейрбибелер, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және медициналық ұйымдар жетекшілерімен жүздесіп, тәжірибе алмастық.

SEMINAR-KEÑES

БАСТЫ НАЗАРДА – БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Жуырда қаладағы «Мүрагер» мектебінде облыстық полиция департаменті және облыстық білім басқармасының бірлесіп ұйымдастыруымен «Білім беру ұйымдарында төтенше жағдайлардың алдын алу» тақырыбында ведомстваралық бірлескен облыстық семинар-кеңес өткізілді.

Газиза ӘБІЛДА.

Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ақси-

ра Бақтыбайқызы бүгінгі таңда қоғамда орын алып отырған

қолайсыз оқиғалардың балалар өміріне қауіп төндірмеуі үшін төрибелік шаралардың ауқымын кеңейтіп, оларға тұрақты түрде психологиялық тұрғыдан қажетті кеңестер беріп отырудың маңыздылығын айтты.

Облыстық полиция департаменті, Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Ерболат Жәукеев кәметке

толмағандар арасындағы қылмыстың бүгінгі көрсеткіші жөнінде баяндай келіп, алдын алу шараларын күшейтуді ұсынды. Осы ретте облыстық полиция департаменті, экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Қуаныш Оразов талқылап отырған тақырыпқа сай ой-пікірін білдірді. Сол секілді психолог маман Алма-

гүл Аяғанова, Шнелі индустриалды-аграрлық колледжі директорының орынбасары Бақтыяр Дайрақұлов сынды мамандар ойларын ортаға салды. Семинар-кеңестің келесі бөлімінде қатысушылар Назарбаев зияткерлік мектебінде, «Рухани жаңғыру» орталығында және қаладағы №1 өр сәндіру бөлімінде болып, қауіпсіздік шараларының барысымен танысты.

АЛАЯҚТЫҚТАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Table with 2 columns: 'Қауіпсіздік жаза' (Safety Penalty) and 'Тағайындалған жаза' (Imposed Penalty). The table lists various individuals and their corresponding penalties for safety violations, including fines and restrictions.

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ҚОЖАНЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША МҮДДЕ БІЛДІРҮДІ СҰРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қызылорда облысы цифрлық технологиялар басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығы негізінде «Қызылорда облысының мемлекеттік органдарына талшықты-оптикалық байланыс желісін тарату» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының жеке қаржылық бастамасы бойынша қызығушылық білдіруді сұрау туралы хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты: Облыс аумағында ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мақсатында мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасуы жөніндегі мемлекеттік арнаулы ұшын талшықты-оптикалық байланыс каналын жүргізу.

2. Жобаның техника-экономикалық талғаты: Обьектінің орналасқан орны – Қызылорда облысы аумағындағы 77 мемлекеттік орган; Қызылорда облысының 77 мемлекеттік органына дейін оптикалық байланыс желілерін салу; 77 мемлекеттік органдарды бірінші шлюз құралдары бойынша Интернет желісіне қорғалған, жоғары жылдамдықты

қол жеткізумен қамтамасыз ету; -16 жұмыс орнын құру. 3. Басты көрсеткіштері: Қызылорда қаласы мен аудандарда орналасқан мемлекеттік мекемелер объектілерінің деректерді беру желісіне қол жеткізу тораптарынан оптикалық байланыс желілерін жүргізу; - деректерді беру бойынша қызметтерді ұсыну үшін желінің техникалық сипаттамаларын қамтамасыз ету; - облыстың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық орта құру; - ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету; - заманауи көрсеткіштің қызметтер көлемін кеңейту, сапаны жақсарту.

4. Байланысу деректері: «Қызылорда облысы цифрлық технологиялар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел 8/7242/ 401191 (7265), электронды пошта: k.sadiyova@korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә.: «Smart city» концепциясы аясында жобаларды үйлестіру бөлімі, бөлім басшысы Г.Ержанова. 5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: бұқаралық ақпарат құралдарында конкурсу өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 30 (отыз) күн.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕДІ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Суарылатын жерлерді қалпына келтіру» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. Жоба бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік беріледі. Қоғамдық тыңдау өткізілетін уақыты мен орны: 2018 жылдың 20 қарашасы күні сағат 09:00, Қызылорда қ. Төле би көшесі №66, «Қазушар» Қызылорда филиалының ғимараты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жұмыс берушілер нарығына. ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес бос жұмыс орындары туралы, жұмыстан қысқартылатын жұмысқарлар, немесе азаматтарды жұмысқа қабылдау, қабылдаудан бас тарту жөніндегі мәліметтерді «Еңбек биржасы» мемлекеттік интернет-ресурсына тіркеліп, хабарлауға болады. Жұмыс істеушілер нарығына. «Еңбек биржасы» мемлекеттік интернет-ресурсына түпнөмендегі тіркеліп, Сіз өзіңізге сәйкес келетін жұмысты тек облыс төңірегінде емес, республика бойынша іздеу мүмкіндігініз болады. Анықтамалық үшін тұрғылықты жеріңіздегі жұмыспен қамту орталығына хабарласуға болады немесе www.enbek.kz сайты.

Хабарландыру

Талантты оқушы Берік Алтынайдың балаларға арналған «Ертегілер елінде» кітабының сүйінші данасы қолымызға тиді. Осы кітапты шығару үшін ыңғармашылық пен өнерді бағалайтын мәнәят азаматтарға демеушілік жасауын сұраймыз. Берік Алтынайдың әжесі Еспаева Шолпан Шәріпбайқызының «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалындағы есепшоты: Шот валютасы - KZT Карточкалық жүйесі: IVAN шот нөмірі - KZ98563052PN00009437 Байланыс телефоны: 8705 431 03 34.

ЖАРАМСЫЗ ДЕК ЕСЕПТЕЛІСІН

Мирақұлов Даулет Шералиевичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Есім Хан көшесі №23 Г үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісін (кадастрлық №10-156-031-3303) тұнқасына жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелісін. Сороковых Надежда Анатольевнаың атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әбу Құлдаев көшесі, №91 үйге берілген жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісін (кадастрлық №10-156-012-063, №0025282 06.04.1998 ж.) тұнқасына жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелісін. «Сыр медиа» ЖШС ұжымы осы мекеменің жұмысшысы Асан Әзізовке анасы Жанжамал Әбдімәлікқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КІРПІН САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиндық құраммен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

Жүрегімізде сөнбес нурлы дидарың

Отбасымыздың берекесі, бауырларымыз арқауың ардақтысы, аяулы ана, асыл жар Салтанат Бахытқызы Үрүстемова 2008 жылдың 19 қарашасы күні өмірден озған елі. Ардақты жаның жалған өмірді қалдырып, мәңгілік мекенге аттанғанына 10 жыл болыпты. Асылымыздың орны ерте ойсұрап, бос қалар деп кім ойлаған десейсің. Лұлпиден қаккан ақ жүрегі, мейірімге толы ақжарқын жүзі, айқара ашқан кең күлашы, нәзік даусы әлі көз алдымызда. Оның орнын ешкім де толтыра алмайы екен. Бірақ, Алланың ісіне амал бар ма? Асылымызды сағына еске аламыз. Өрне, жан жүрегіміз зсіліп, өткен күндердің санада қалған сағынышты бейнесін көз алдымызға келтіріп, жарқын күндерді ойымызға оралтқандан өзге қолдан келер шара жоқ. Сағынамыз, іздейміз, тағдырға бағынамыз. Жанымызды жамандыққа қимаудың, Отбасына жарқын өмір сыйлаудың, Топырағыңды торқа етсін тәрізім, Жолдас болсын жарқынның, жаңың иманың. Сағына еске алушылар жолдасы, қызы, анасы және Құлмұратовтар әулеті.



ÓNER

ТЕАТР ҰЖЫМЫНЫҢ ТАҒЫ БІР ЖЕТІСТІГІ

Астана қаласының-20, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 120 жылдығына орай 30 қазан мен 6 қараша аралығында Талдықорғанда Қазақстан және Орталық Азия елдерінің VII халықаралық театр фестивалі өтті. Оған Башқұртстан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қазақстаннан өнер ұжымдары қатысты.

Т.Жүргенов – Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға. Қазақ елінің мәдениет, әдебиет, өнер салаларын бір арнаға тоғыстырған көрнекті ұйымдастырушы. Оның тікелей қатысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артып, Т.Жүргенов 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының I слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Сонымен қатар, М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Кастеев секілді қайраткерлердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Елімізде алғашқы музыка театры – қазіргі Қазақ опера және балет театрын ұйымдастыруға зор үлес қосты.

Халықаралық фестивалға КСРО және Қазақстанның халық артисі, Қазақстан театрлар ассоциациясының президенті Асанәлі Әшімов бастаған қазылар алқасы төрелік жасады. Оның құрамында Қазақстанның халық артисі, Қ.Куанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Талғат Теменов, жазушы-драматург, аудармашы Абдуғафур Абдужабаров (Тәжікстан), театр сыншысы, өнертану докторы Исафили Исафилов (Әзірбайжан), театр және кино режиссері Нұрлан Абдықалдыров (Қырғызстан), театр сыншысы, өнертану ғылымдарының докторы Лаша Чкхатишвили (Грузия), театртанушы, өнертану кандидаты Анар Еркебай (Қазақстан) болды.

Жетісулық көрермен ауқымды шараның ашылу салтанатын Талдықорған облыстық қазақ драма театрының жаңа ғимаратында тамашалады. Қатысушылар мен қазылар алқасының мүшелері қызыл кілеммен жүріп өтті. Алматы облысының әкімі Аманжол



Баталов Жетісу төрінде театрдың алғашқы қазығы қағылған кезде Елбасы қолдау білдіргенін атап өтті. Жаңа нысанның ашылу лентасын облыс әкімімен бірге қазақ өнерінің абазы Асанәлі Әшімов кеса, шымалдығын шаңыраққа қоныстанған өнер иелері қазақ классикасының жауһары – Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясымен ашты.

Фестиваль аясында Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясында білім мен өнер жанашырының туғанына 120 жыл толуына арналған

халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Басқосуда Т.Жүргеновтің қайраткерлік, қаламгерлік, азаматтық болмысы туралы сөз болды. Арнайы көрме ұйымдастырылып, деректі фильм көрерменге жол тартты.

Фестивальға қатысқан әрбір қойылымның айтар ойы, спектакльдердің тұтастығы, актерлік ансамблі қазылар алқасы тарапынан жоғарғы бағаға ие болды. Мәдени шараның тақырыптық айнасын ашқан Рақымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасы үш бірдей номинацияға қол жеткізді. Театр ұжымы – «Ұлттық авторлардың үздік драмасы», Жүргеновтің әкесі Қара ролін сомдаған

бағалағыштығы және халқы үшін сіңірген еңбегі туралы кейінгі ұрпаққа мағлұмат беру.

Режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хусейін Әмір-Темір, суретшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, марқұм Серік Пірмаханов. Жүргеновтің жары Дәмеш ролін жас актриса Гүлмира Берікбай, Ф.Мүсірепов – Арай Көшімбаев, К.Байсейітова – Ақтолың Төлеуова, Ш.Жиенқұлова – Маржан Әбішев, Қ.Жандарбеков – Канат Архабаев, Қ.Байсейітов – Санат Жүзбай, Б.Орлов – Олжас Аманов, Л.Мирзоян – Бауыржан Ошақбаев, Жамбыл – Нұрлыбек Шыналиев, Нартай – Қазақстан жастар одағы сыйлығының лауреаты Бақытбек Темірбеков, Малакаевтың әйелі ролін Қазақстанның мәдениет қайраткері – Залипа Төлепова, Қазақ – мәдениет қайраткері Бектеміс Ботбаев, Жұманазар ролдерін Қуаныш Құрманбектер жоғары деңгейде сомдап шықты.

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры 64 жылдық тарихында халықаралық, республикалық өнер додаларына үзбей қатысып, талай жетістікке қол жеткізді. Жуырда Шотландияның Эдинбург қаласында өткен халықаралық «Фриндж» өнер фестиваліне жазушы Ф.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясының желісімен сахналанған «Ақбан» спектаклімен қатысты. Нәтижесінде режиссер Х.Әмір-Темір, Мақпал ролін сомдаған Залипа Төлепова және Қодар роліндегі Канат Архабаев фестивалдің алтын кітабына ене, театр дүниежүзілік ауқымды өнер фестиваліне еркін қатысу құжатына ие болды.

Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің халықаралық фестиваліне «Нарком Жүргенов» спектаклімен қатысу да – шығармашылық ұжым үшін үлкен мәртебе.

Ұлбосын ҚЫЛЫШБАЕВА,
театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

Q. MUHAMEDJANOV-90



«ҚҰДАҒИ КЕЛІПТІ»

Қалтай Мұхамеджановтың туғанына 90 жыл толуына орай облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры «Құдағи келіпті» комедиясын көрермен назарына ұсынды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Театр сахнасында осыдан 10 жыл бұрын қойылған спектакль бұл жолы жаңа музыка, заманауи би арқылы көрерменге жол тартты. Өткен ғасырда жазылған туынды болса да, комедия бүгінгі заманның шынайы бейнесін боямасыз жеткізе алған. Басты кейіпкерлер – қала қызын

жар еткен Сұңғат пен әйелі Марфуға. Жас отбасындағы дау-дамай, көңіліз күй ауылға аяқ астынан құдағи келуінен басталды. Келген беттен қалалық құдағидың «сені алып кетемін, жұмыс табылады, ерін сені жақсы көрсе, өзі-ақ іздеп келеді» деп Марфуғаны үгіттеуінен де себебі бар. Алайда, Марфуғаға сүйген жар, ықылас-пейілі ерекше отбасы, мектептегі шәкірттерін тастап кету оңай емес. Комедия соңында бұл оқиғалардың туындауына себепкер, өз қамын жас отбасының беріктігінен, ағайынның татулығынан биік қойған адам анықталады. Қойылымның негізгі кейіпкерлерін театрдың жас әртістері

сомдады. Ал режиссері – жаста болса осы кезге дейін «Бір түп алма ағашы», «Заманай», «Ғашықтар хикаясы» сынды ел көңілінен шыққан қойылымдарды ұсынған Ақтөре Оразал.

Қойылым көрермендерге, әсіресе жастарға ерекше әсер еткенін байқайды. Бұл «Бөлтірік бөрік астында», «Қуырдақ дайын», «Жат қолында», «Көктөбелегі кезде-су» сынды туындылары қазақтың рухани қазынасына айналған, әдемі эзділ, тапқыр күлкі күдіретімен небір марғасқалдарды сөзден тоқтата білген Қалтай Мұхамеджанов пьесаларының өміршеңдігін көрсетті.

«Керуен жырдың жалғасы...»

Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде алғаш рет «Керуен жырдың жалғасы...» атты Сыр бойындағы жыраулық мектеп шәкірттерінің концерті өтті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Жыраулық – біздің дархан даламызға ғана тән сирек өнер. Соның ішінде, Сыр бойында Қорқыт атадан бастау алып, сүйелер мен жыр төлке ақындарға ұласқан ұлттық мәдениеттің алтын арқауы бар. Елдің рухани қажетін қамтамасыз ететін жыр мектептері өнерпаздарының концертінде көрермендер бабалар ғибабатына ден қойды. Кешке Қармақшы ауданындағы Көшеней Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің, Тұрымбет Салқымбайұлы атындағы әуез мектебінің, Арал аудандық мәдениет орталығының, Қазалы ауданындағы Байназар Өтепов атындағы жыр үйірмелерінің, Шиелі ауданындағы Нартай жыр мектебінің және Қызылорда қаласындағы жыр үйірмелерінің шәкірттері қатысты. Ал барлық ауданнан жылжып жас жыршылардың талабын танып, бағытын бағамдау мақсатында ардагер жырау Жұмабек Ақсұлов, белгілі

жыршылар Арнұр Көшеней, Берік Саймағанбетов, Шолпан Бімбетова, Ақмарал Ноғайбаева концертке арнайы қатысты. Ұлттық мұраны насихаттаған кешті Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырды. Кеште домбыраны күмбірлетіп күй төгіп, текті сөздің төресі термені әулетінен кішкентай өнерпаздар көп болды. Соның бірі Нұрғұнның термесі «Қанекей, тілім сөйлесің!» орындап, ел ықыласына бөленген – Аида Мусаева. Кішкентай жыршы С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің «Гибрат» жыр-терме үйірмесінің қатысушысы екен. Әкесі мен анасы өнерден өзге салада қызмет еткенімен, Аида қызылордалық жыршы Күнсұлу Түркенге еліктеп, болашақта ұлттық өнерді жалғастырушы өнерпаз болуды



мақсат етіпті. Жас жыршылардың үлгі тұтар тұлғаны алыстан іздейтін бірнеше қатысушымен әңгімелескенде айқын аңғарды.

Концертте қатысушылар домбырамен жыр төгіп, қазақ халқының дәстүрлі төл өнерлеріне бағытталған концерт

жоғары деңгейде өтті.

Айтқандай, өткен жылдан бастап, аудандағы мектептер қобыз үйірмелерін де ашқанын ескерсек, енді Сыр сахнасында қобызбен жыр айтушы жас таланттардың да көбірек бой көрсететіні белгілі.

АРИПТЕС АЛЕМИ



СҮЙІКТІ ІС – ТАБЫСТЫ КӘСІП

Әр адамның әуестенетін ісі бар. Мұны «хобби» деп жатамыз. Тарих беттерін парактасак, I Петр ұсталықпен айналысқан деген дерек бар. Коллекция жинаудан АҚШ-тың саяси лидері Франклин Рузвельт алдына жан салмапты. Ел әйгілі Лев Толстойдың тын туындыларымен таныс болғанымен, еткіштілігі жайлы біле бермейді. Ал Леонардо да Винчи атақты суретші ғана емес, керемет аспаз болған көрінеді. Елімізде де әдемі әуестігімен ерекшеленген тұлғалар жетерлік. Мәселен, Дінмұхамед Қонаев оттық жинағанды ұнатқан. Қазір көрнекті қоғам қайраткерінің 3000-нан астам оттығы Алматыдағы мұражайында сақтаулы. Ал Әзілхан Нұршайықовтың қолтаңба жиюды әдетке айналдырғаны көпке мәлім. Айта берсек, хоббинің сан алуан түрі бар. Оған қоға психолог мамандар жанға жайлылық сыйлайтын әуестік күзгелек пен кондісілдіктен артылуға көмектесетінін дәлелдеген. Қазір оны тиімді кәсіп көзіне айналдыруға да мүмкіндік бар.

Мәлір ҚАЛЫМБЕТ

Әріптесіміз Мира Жәкібаева – «Қызылординские вести» газетінің аға тілшісі. Бір минутын сарп етпейді. Шығармашылық жұмыстан кейін сүйікті ісіне көңіл бөледі. Тапсырысқа туған күн, үйлену тойы, басқа да салтанатты дастарханның сәнін келтіретін әзірбайжан тәттілерін дайындайды. Тұтынушыларын «Инстаграм» әлеуметтік желісі арқылы жинаған кейіпкеріміз бала кезінен тіл үйіреп дәмділер жасауға бейімденген.

– Әйел адам үй шаруасына ікемді болуы тиіс. Өзім де ас үйде жүріп, тағам дайындаудан жалықпаймын. Ғаламтор желісіндегі рецептермен танысып, көрген-білгенімді жүзеге асыруға талпынамын. Бірер жыл бұрын осы хоббинімді бизнестікке айналдыру жайлы ой келді. Бұл – жұмыстан соң тынығуға септесетін керемет әліс. Тек түгелсімейтін қиял, таусылмайтын шабыт қиял. Қазір әзірбайжан тағамдарын, тәттілерін пісіремін. Бұл елдің ұлттық асханасы көнегілмен, әртектілігімен ерекше. Жапырақ долмасы, тауық етінен жасалған лаванги, пахлава, шавтальны жесеніз, көңіліңізден шығады. Тұтынушылар дән риза. Ұялы байланыстың дамыған кезіне болғандықтан, қобіне әлеуметтік желі арқылы тапсы-

рыс түседі. Жоғарыда айтқан, пахлавадан бөлек «Медовик», «Вули пай», «Красный бархат» тортына сұраныс жоғары, – дейді ол.

Кейіпкеріміз шеберлік сыныптарын ұйымдастырып, осы іске қызығушылық танытқандарға бар білгенін үйрететін де жеткізді. Сонымен қатар әзірбайжан асханасында біздің ұлттық тағамдарға ұқсас дүниелер кездесетінін айтып қалды. Әзірбайжандықтар да біз көп күткенін наурыз мерекесіне ыждағаттылықпен қараса керек. Олар Наурыз айы басталған тұста бидай тұқымын егіп, дәннен өніп-өскен бидайдың өркеніне қарап, келген жылдың қаншалықты берекелі болатынын болжайды. Оны қызыл ленталармен көмкеріп байлап, дастарқан үстіне қояды. Дәнді-дақылдардың өскіні үйде 13 күн тұрып, содан кейін өзенте тасталады. Бұл күні Наурыз көжеге ұқсас жеті түрлі дәм қосылатын йеди-левин тағамы дайындалады екен.

Өңгіме барысында талап-шыл әріптесіміздің сүйікті ісіне селкос қарамайтынын аңғарды. Ол осы кезге дейін де хоббинің кәсіп етуде аянып қалмады. «Арман адастырмайды, ерте ме, кеш пе сізбен серік» деген пікірде.

«Халықтық заңгер»
жалпыреспубликалық акция

Құрметті тұрғындар мен кәсіпкерлер!

Қазақстан Республикасының иеліктері мен қызметтеріне сәйкес қарсы іс-қимыл агенттігінің (Қазылорда облысы бойынша департаментінің) ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 30 қарашасында сағат 17.00-де А. Тоқмағанбетов мәдениет үйінде «Халықтық заңгер» жалпыреспубликалық акциясы өтеді.

Акцияның мақсаты – кәсіпкерлер мен заңгерлер арасындағы өзара сенімді қарым-қатынасты нығайту, заңгерлер мен кәсіпкерлер арасындағы өзара сенімді қарым-қатынасты нығайту, заңгерлер мен кәсіпкерлер арасындағы өзара сенімді қарым-қатынасты нығайту.

«Халықтық заңгер» жалпыреспубликалық акциясына келіңіздер!
Түрлі салалардағы заңгерлер мен кәсіпкерлер арасында!
Жоғары білікті заңгерлер мен кәсіпкерлер арасында!

Анықтамға үшін 70-25-20, 70-50-55, 8778 478 70 97

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
рухани және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28987
Тасырыс №1844